

Бекітемін

Ақмола облысы білім басқармасының
әдістемелік орталығының басшысы
Л.Курманғалиева



« 09 » 2024 жыл

Инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау және облыстық «Педагогикалық тәжірибе банкіне» енгізу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже келесі құжаттардың негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Орта білім беру саласындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңес

жанындағы Сараптамалық кеңестің ережесі.

1.2 Осы ереже педагогикалық қызметкерлердің тәжірибесін (бұдан әрі-ОПТ) жинақтау бойынша әдістемелік материалдарды дайындау кезінде басшылыққа алынады.

1.3 Осы ереже облыстық деректер банкіне озық педагогикалық тәжірибені енгізу тәртібін айқындайды. Озық педагогикалық тәжірибенің облыстық деректер банкін құру мақсаты қазақстандық білім беруді жаңғырту үдерісін қамтамасыз ететін әдіс - тәсілдер негізінде озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу болып табылады.

1.4 Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің тәжірибесінің облыстық деректер банкі Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығында қалыптастырылады.

1.5 Педагогикалық қызметкерлердің тәжірибесін жалпылау кезінде осы педагогикалық тәжірибенің негізіндегі идеялар, заңдылықтар, механизмдер көрсетіліп, қол жеткізілген нәтижелерге сипаттама беріледі, жұмыстың жеке әдіс-тәсілдерін енгізу процесінде түбегейлі жетістіктер анықталады.

1.6 Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау педагог қызметкердің, педагогикалық ұжымның бастамасы бойынша жүргізіледі.

Озық педагогикалық тәжірибенің авторы бола алады:

- педагогтардың шығармашылық кәсіби бірлестіктері;
- педагогикалық қызметкерлер;
- білім беру ұйымдары.

2. Озық педагогикалық тәжірибенің критерийлері.

2.1 Озық педагогикалық тәжірибені жалпылау материалдарында соңғы 3-5 жыл ішінде әзірленген тақырыптың тиімділігін көрсету қажет. Осы тақырып бойынша бір ғана баяндама материалдары ескерілмейді.

2.2 Тәжірибе тақырыбының өзектілігі, перспективасы;

2.3 Педагог тәжірибесінің шығармашылық жаңалығы, жаңашыл бастамалары;

2.4 Ғылыми негізділік (ғылыми заңдылықтар, тәжірибе негізіндегі принциптер);

2.5. Бірегей әдістерді қолдана отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге уақытты ұтымды пайдалану;

2.5 Кемшіліктерді, қарама-қайшылықтарды анықтау және жеңе білуі.

3. Облыстық деректер банкіне озық педагогикалық тәжірибені енгізу тәртібі

3.1 Зерделеу және қорыту үшін (кейіннен облыстық деректер банкіне енгізе отырып) озық педагогикалық тәжірибені аудандық(қалалық) сараптамалық комиссия ұсынуы мүмкін.

Озық педагогикалық тәжірибе осы ережеде бекітілген озық педагогикалық тәжірибенің критерийлеріне сәйкес келсе, облыстық педагогикалық шеберлік конкурстарының, ғылыми-әдістемелік конференциялардың, облыстық семинарлардың қорытындылары бойынша облыстық деректер банкіне енгізілуі мүмкін.

3.2 Озық педагогикалық тәжірибе материалдары аудандық (қалалық) деңгейде плагиатқа тексерістен өтуі тиіс.

3.3 Зерделеу және жинақтау үшін (кейіннен облыстық деректер банкіне енгізе отырып) қағаз жүзінде және электрондық нұсқада мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) педагогтің өз қолымен жазылған өтініші (1-қосымша);

2) аудандық (қалалық) білім бөлімінің басшысы қол қойған және мөрмен расталған ұсыным (әр педагогке жеке, 2 - қосымша);

3) қағаз жүзінде және электрондық жеткізгіштердегі жұмыстың сипаттамасы және қосымшалары (3- қосымша);

4) жарияланған мәселе бойынша жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері (4-қосымша);

5) өтініш берушінің авторға және қарыз алу көзіне (плагиат) сілтемесіз алған материалды пайдалануына арналған жұмысты тексеру бойынша білім бөлімінің мөрімен расталған әдістемелік кабинет меңгерушісінің қолы қойылған анықтама және тексеру парағы (5-қосымша);

б) Рецензиялар:

1 - ші бейіні бойынша доктор/кандидат ғылыми дәрежесі бар педагогтан, PhD;

2 - ші басқа білім беру ұйымының педагог-шеберінен, зерттеушіден немесе жоғары/бірінші санатты педагогтан (6 - қосымша);

7) төраға мен хатшы қол қойған және мөрмен расталған аудандық (қалалық) Сараптамалық кеңес отырысының хаттамасы (7-қосымша)

8) аудандық (қалалық) Сараптамалық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қойған және мөрмен расталған жұмыс қорытындысы (әрбір педагогке жеке, 8-қосымша)

9) ақпараттық карта (9-қосымша)

10) ұсынылатын педагогикалық тәжірибенің білім алушылардың білім сапасына әсерін көрсете отырып, кемінде 2 білім беру ұйымына (жылдар бойынша) енгізу актісі (10- қосымша)

Папка құрылып, (Озық педагогикалық тәжірибе (ОПТ) - Мирова М.М.) және барлық қажетті материалдар көрсетілген нөмірлер астындағы папкаға орналастырылады:

1_ өтініш

2_ ұсыным (әр мұғалімге жеке)

3_ озық педагогикалық тәжірибе (жұмыс)

4_ жариялымдар тізімі және көшірмелері

5_ анықтама (плагиат)

6_ резензия (2-ден кем емес)

7_ Сараптама кеңесінің хаттамасы

8_ қорытындысы

9_ ақпараттық карта

10_ енгізу актісі (білім беру ұйымдарынан 2-ден кем емес)

Облыстық әдістемелік орталықтың
Сараптамалық кеңесінің төрайымы
Л. Курманғалиеваға
мұғалім Мөлдір Махаббатқызы Мировадан,
мекенжайы Көкшетау қаласы,
Центральный даңғылы 9, 7 үй
байланыс телефоны / электрондық поштасы,
+ 7 777 777 99 77 / mira_MM@mail.ru

ӨТІНІШ

Облыстық әдістемелік орталықтың Сараптамалық кеңесінің отырысында «Инклюзивті білім беруді жаңғырту» мәселесі *(тақырыбы)* бойынша менің педагогикалық тәжірибемді қарауды сұраймын.

Тиісті құжаттар қоса беріледі. Беттердің жалпы саны 15.

Күні: «09» октябрь 2024 ж.

Қолы _____

Облыстық әдістемелік орталықтың
Сараптамалық кеңесінің төрайымы
Л. Курманғалиеваға

Ұсыным

Сараптамалық кеңестің отырысында қарау үшін М.М.Мированың «Инклюзивті білім беруді жаңғырту» мәселесі (тақырыбы) бойынша педагогикалық жұмыс тәжірибесін ұсынамын.

Тиісті құжаттар қоса беріледі. Беттердің жалпы саны 15.

Күні: «09» октябрь 2024 ж.

Қолы _____

**Облыстық деректер банкіне енгізу үшін инновациялық педагогикалық тәжірибені сипаттау
ЖАДЫНАМАСЫ**

Жұмыс тәжірибесін сипаттау құрылымы

1. Тәжірибе авторы туралы мәліметтер (Т.А.Ә., жұмыс орны, педагогикалық өтілі, оқытатын пәндері, мамандығы, байланыс телефоны, электрондық мекенжайы).

2. Тәжірибе тақырыбы (тұжырымның нақтылығы, педагогикалық және психологиялық терминдерді дұрыс қолдану).

3. Тәжірибені жинақтау шарттары (әлеуметтік орта, сынып туралы қажетті мәліметтер).

4. Тәжірибенің өзектілігі (тәжірибеде қандай қайшылықтар мен қиындықтар кездеседі және қалай шешіледі).

5. Тәжірибенің теориялық негіздемесінде тәжірибе авторымен белгілі бір ғылыми идея негізінде нақты не әзірлегені көрсетілуі қажет.

6. Тәжірибенің жетекші педагогикалық идеясы - бұл тәжірибеден туындайтын және оны қолдану формаларының өзгергіштігін қамтамасыз ететін орталық, негізгі ой, яғни тәжірибе авторының іс-әрекетіндегі негізгі, ең маңыздысын бөліп көрсету.

7. Тәжірибе технологиясы:

Іс - әрекеттердің дәйектілігін көрсету қажет-мақсатты түсіну, міндеттерді қою жағдайын зерттеу, нысандарды, әдістерді, құралдарды таңдау, жоспарлау, қолдану, қорытындылау, талдау, түзету. Педагогикалық іс-әрекеттің жалпы логикасы контекстінде негізгі әдістерді, формаларды **қолдану кезектілігі**. Тәжірибе технологиясын аша отырып, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеттері осы әрекеттер жасалатын нақты жағдайлармен байланысты болуы керек. Сондықтан сипаттамада нақты педагогикалық фактілерді көрсете отырып, мысалдарды қолдану қажет.

Осы педагогикалық іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттерін қою (педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты түпкілікті нәтиженің психикалық көрінісі деп түсініледі). Тәжірибенің мақсаттары мен міндеттерінің қоғамның әлеуметтік тапсырысына, практиканың нақты қажеттіліктеріне, яғни мұғалімдердің, білім беру ұйымдары басшыларының педагогикалық қиындықтарына сәйкестігін талдау.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру:

- оқушыларды оқу іс-әрекетіне қосу тәсілі.

- ұйымдастырудың қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі.

Білім беру мазмұны:

- білім беру мазмұнындағы өзгерістер себептерінің негіздемесі;
- білім беру мазмұнын өзгерту тәсілдерін сипаттау (оқу курсының өзекті бағыттары бойынша, білім беру мазмұнының әрекеттік компонентін енгізу, жаратылыстану пәндері мазмұнының гуманитарлық аспектілерін енгізу және т. б.);

- мазмұнның қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі.

Оқу-тәрбие жұмысының нысандары, әдістері мен құралдары, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес оларды оңтайлы таңдау, оларды қолдану технологиясы.

- оқыту әдістері;
- оқу сабақтарының түрлері;
- оқыту құралдары;
- қызметтің басым түрлері;
- оқушылардың оқу іс-әрекетінің алгоритмдерін, мұғалімнің кезең-кезеңмен іс-әрекеттерін сипаттау;
- қызметті ынталандыру және бақылау, өзара бақылау, өзін-өзі бақылау тәсілдері.

8. Тәжірибемен жұмыс істеу ұзақтығы (қажетті жағдай мен нақты жағдай арасындағы қайшылық анықталған сәттен бастап тәжірибенің нәтижелілігі анықталған сәтке дейін).

9. Тәжірибе ауқымы (жеке педагогикалық жағдай, сабақ, сабақ жүйесі, сыныптан тыс жұмыс жүйесі, бірыңғай сабақ – сыныптан тыс жұмыс жүйесі, дәріс-семинар жүйесі, мектептен тыс жұмыс жүйесі, тәрбие жүйесін ұйымдастыру және т. б.)

10. Тәжірибенің тиімділігі.

Әсер ету дәрежесін көрсету қажет:

- оқушылардың тәрбие деңгейі
- оқушылардың оқу деңгейі
- оқушылардың тұлғасын дамыту және т. б.

Тәжірибенің тиімділігін белгілі бір уақыт аралығында бақылау керек (3 жыл, бірақ бір реттік оқиға ретінде емес).

Бағалау кезінде нәтижелілігін ескеру маңызды:

- осы тәжірибені пайдаланатындардың пікірі;
- оқытудың басқа әдістерімен салыстырғанда тәжірибенің қандай артықшылықтары бар;
- ненің есебінен тәжірибеде жоғары нәтижеге қол жеткізіледі;
- бұл нәтижелер қаншалықты тұрақты;
- алынған нәтижелердің оңтайлылық дәрежесі.

Нәтижені бағалай отырып, осы жұмыс жағдайларына тән салыстыру қажет.

Жұмыс тәжірибесінің сипаттамасына қосымша:

Бағдарламаның мазмұны, қосымшаның көлемі тәжірибе тақырыбына байланысты және төмендегіні қамтуы мүмкін:

- авторлық бағдарламалар, модификацияланған бағдарламалар, жобалар.
- тақырыптық жоспарлау.
- сабақ конспектілері (сабақ жүйесі).
- бейнематериалдар (фотоматериалдар, тәжірибенің компьютерлік презентациялары).
- сабақтарды компьютерлік қамтамасыз ету.
- кештердің, мерекелердің және т. б. сценарийлері.
- дәрістер, сөз сөйлеу, баяндама, реферат мәтіндері және т. б.
- тәжірибенің тиімділігін растайтын материалдар.
- тест, бақылау тапсырмалары.
- ОӘК үлгілері.

Тәжірибе сипаттамасына қосымшаны ресімдеу ережесі

Тәжірибені толық сипаттауға арналған қосымшалардың көлемі мен мазмұны тәжірибе тақырыбына байланысты.

- қосымшада ұсынылған тәжірибенің тұтас сипаттамасына қатысы бар материалдар ғана ұсынылып, осы қосымшаларға тәжірибе сипаттамасының мәтінінде мысалдар ретінде сілтемелер берілуі тиіс.
- қосымшаның бөлімдері көрсетілген бет тәжірибе сипаттамасының мәтінінде нөмірленеді.
- қосымшаның әрбір бөлімі бірден бастап жеке нөмірленеді.
- қосымшаның әрбір парағының жоғарғы оң жақ бұрышында осы парақтың қай бөлімге жататыны белгіленуі тиіс: «№ 2- қосымша» немесе «№ 4- қосымша».
- қосымшаның бөлімдері көрсетілген бетте бөлімдердің басталуы нөмірленбейді, бұл бетте қосымша материалдарының тізбесі көрсетіледі.

Рәсімдеу үлгісі:

Акишева Роза Абиловна

Қосымша

№ 1 қосымша - авторлық бағдарламалар

№ 2 қосымша - тақырыптық жоспарлау

№ 3 қосымша - ұсынылатын тәжірибенің негізгі тақырыбы бойынша сабақ конспектілері (сабақ жүйесі).

Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар **Электрондық тасымалдағыштарға қойылатын талаптар**

- Барлық дискілерге автордың толық аты-жөнін жазып, ауданды, білім бөлімінің атауын көрсету керек.
- CD-R дискісін басқа компьютерге жүктеген кезде ақпаратты оқуға ыңғайлы болу үшін барлық құжаттар rtf форматында ұсынылады.
- Құжаттарды мұрағатталған түрде ұсынбау керек.
- Мәтіндік файлдар үшін **Times New Roman шрифті**н пайдалану керек, өлшемі **14**, жоларалық интервал- **1**, өрістер: - **2 см**.

Қағаз тасымалдағыштарға қойылатын талаптар.

1. Барлық қағаз жүзіндегі құжаттар папкада бір данада ұсынылады. Қосымша материалдар бөлек папкаға салынуы мүмкін.
2. Мәтіндерде атауларды қысқартуға жол берілмейді.
3. Барлық беттер нөмірленуі керек, әр бетте колонтитулда автордың тегі, аты және әкесінің аты көрсетілуі керек.
4. Тәжірибенің тұтас сипаттамасының көлемі 20 бетке дейін, қосымшаның көлемі регламенттелмейді.

Тәжірибені тұтас сипаттау түрінде озық педагогикалық тәжірибені жалпылау материалдарын ресімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Титулдық бетті рәсімдеу ережелері.

Озық педагогикалық тәжірибені жалпылаудың баспа нұсқасының бірінші беті-титул парағы. Тәжірибенің тұтас сипаттамасының нөмірленуі титулдық парақтан басталады, бірақ титулдық параққа «1» саны қойылмайды. Жоғарғы орталықта облыстық білім басқармасының атауы орналастырылады. Титул парағының ортасында тәжірибе тақырыбы жазылады. Төменгі оң жақ бұрышында тәжірибе авторының тегі, аты, әкесінің аты, оның лауазымы, жұмыс орны көрсетіледі. Беттің төменгі жағында ортасында қаланың, ауданның атауы – тәжірибені (басылымды) жазу орны, жылы орналастырылады.

Тәжірибенің мазмұны көрсетілген бетті рәсімдеу ережелері.

Озық педагогикалық тәжірибені жалпылаудың баспа нұсқасының екінші беті-мазмұны. Екінші беттен бастап төменгі колонтитулда, оң жақ бұрышта «2» санымен тәжірибенің тұтас сипаттамасын нөмірлеу басталады. Сондай-ақ екінші беттен бастап және қалған келесі беттерде жоғарғы колонтитулдың ортасына тәжірибе авторының тегі, аты, әкесінің аты жазылады. Мазмұнда барлық негізгі бөлімдердің аттаулары, бөлімдер мен қосымшалардың басталу беттерін көрсете отырып, тәжірибені толық сипаттауға арналған қосымшалар

жазылады. Бұдан әрі үшінші беттен озық педагогикалық тәжірибені облыстық деректер банкіне енгізу туралы ереженің № 2 қосымшасында көрсетілген жадынама бойынша тәжірибенің сипаттамасы басталады. Бөлімнің алғашқы екі тармағы (1 - тәжірибе авторы, 2 - тәжірибе тақырыбы) тәжірибе сипаттамасының титулдық бетіне орналастырылғандықтан үшінші тармақ «Тәжірибе туралы ақпарат» бөлімнен басталады. № 2 қосымшада көрсетілген жадынама бойынша тәжірибенің сипаттамасы барлық титулдық парақтарды ескере отырып, қосымшасыз, көлемі бойынша баспа мәтіннің 15-20 бетін (14 өлшемді) құрайды.

Библиографиялық тізімді ресімдеу ережелері.

Библиографиялық тізімдерді құрудың әртүрлі тәсілдері бар. Біз әдеби дереккөздерді топтастырудың алфавиттік әдісін қолданамыз. Бұл әдіс авторлардың тегі мен тақырыбының (егер автор көрсетілмесе) алфавит бойынша орналастырылуымен сипатталады. Егер материал интернет-ресурстардан алынса, онда сайттың атауын, құжаттың атауын және т. б. көрсету қажет.

Тыныс белгілерін қою, авторлардың аты-жөндерін, кітаптың, баспаның жыл атауларын орналастыру ережелері мысал ретінде көрсетілген:

Библиографиялық тізім (ресімдеу үлгісі):

1. Жайтапова А.А. нәтижеге бағытталған білім беру моделіне көшу кезеңінде мұғалімдердің кәсіби өсуін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Алматы, РБАИ, 2004 ж., 236 б.
2. Сайттың және құжаттың атауы, бет (жол).

4-қосымша

Мәлімделген проблема бойынша жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері

№	Жарияланым атауы	Жарияланған жылы	Баспаның атауы

5-қосымша

Өтініш берушінің авторға және қарыз алу көзіне (плагиат) сілтемесіз алған материалды пайдалануына арналған жұмысты тексеру бойынша білім бөлімінің мөрімен расталған әдістемелік кабинет меңгерушісінің қолы қойылған анықтама және тексеру парағы

(авторлық бағдарламаға, тұжырымдамаға, тәжірибелік-сараптамалық жұмыс жөніндегі бағдарламаға, даму бағдарламасы және т. б.)

ШІКІР

Білім беру ұйымы: _____

Автор: _____

Тақырыбы: _____

1. Жұмыстың өзектілігі (тұжырымдамалар, бағдарламалар, зерттеу немесе тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тақырыптары жәнет.б.):
2. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі:
3. Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде (қала /аудан, аймақ, республика, шетелде) үйлесімділіктің болуы немесе болмауы:
4. Жұмыстың ғылымилығы:
5. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы (логикалық, нәтижелердің әдіснамалық негіздермен өзара байланысы, қарама-қайшы еместігі):
6. Әрбір нәтиженің, ғылыми жағдайдың, жұмыстың тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің дәрежесі:
7. Жұмыстың практикалық маңыздылығы:
8. Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну формалары мен тәсілдері:
9. Ресімдеу талаптарына сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер:
10. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:

Рецензент:

ұйымның атауы,

ғылыми дәрежесі,

ғылыми атағы көрсетілген лауазымы _____ Т.А.Ә.

қолы, күні _____

Аудандық сараптама кеңесі

№ 10 ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

2024 жылғы 15 қазан

Жақсы а.

Аудандық Сараптамалық кеңеске қатысу туралы:
Әдістемелік кеңестің 23 мүшесінің 22-сі қатысты. Қатыспады: 1-денсаулық жағдайы бойынша.

Күн тәртібі:

3. Әр түрлі сұрақтар.

3.1. Облыстық әдістемелік орталықтың Сараптамалық кеңесіне инновациялық педагогикалық тәжірибе материалдарын ұсыну туралы.

Тыңдалды: №777 жалпы білім беретін мектепте ОӘО Сараптамалық кеңесінің отырысында қарау үшін дайындалған «Инклюзивті білім беруді жаңғырту» мәселесі (тақырыбы) бойынша жоба. Жобаның жетекшісі-Мирова М.М., қазақ тілі пәнінің мұғалімі, магистр.

Сөз сөйлегендер: Сараптамалық кеңес мүшелері жобаны облыстық әдістемелік орталықтың Сарапшылық кеңесіне ұсынуды бірауыздан қолдады.

Шешім: №777 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі, магистр М.М. Мированың «Инклюзивті білім беруді жаңғырту» авторлық жобасын облыстық әдістемелік орталықтың Сараптама кеңесінде қарауға ұсыну.

Жақсы аудандық

Сараптамалық кеңесінің төрағасы

Хатшы

ҚОЛЫ _____

ҚОЛЫ _____

БЕКІТЕМІН
Сараптамалық кеңестің төрағасы
Т.А.Ә.
« _____ » _____ 2024 ж.

(авторлық бағдарламаға, тұжырымдамаға, тәжірибелік-сараптамалық жұмыс жөніндегі бағдарламаға, даму бағдарламасы және т. б.)

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру ұйымы:

Автор

Тақырыбы

1. **Жұмыстың өзектілігі** (тұжырымдамалар, бағдарламалар, зерттеу немесе тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тақырыптары жәнет.б.).

Қорытынды:

2. **Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі:**

Қорытынды:

3. **Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде** (қала /аудан, аймақ, республика, шетелде) **үйлесімділіктің болуы немесе болмауы.**

Қорытынды:

4. **Жұмыстың ғылымилығы.**

Қорытынды:

5. **Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы** (логикалық, нәтижелердің әдіснамалық негіздермен өзара байланысы, қарама-қайшы еместігі).

Қорытынды:

6. **Әрбір нәтиженің, ғылыми жағдайдың, жұмыстың тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің дәрежесі.**

Қорытынды:

7. **Жұмыстың практикалық маңыздылығы.**

Қорытынды:

8. **Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну формалары мен тәсілдері.**

Қорытынды:

9. **Ресімдеу талаптарына сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер.**

Қорытынды:

10. **Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.**

Қорытынды:

СК жауапты хатшысы _____ Т.А.Ә.

қолы, күні _____

I. Инновациялық тәжірибенің ақпараттық картасы

Автордың Т.А.Ә.	Тәжірибе авторы жұмыс істейтін оқу орны, индексі бар мекенжайы	Оқытылатын пән немесе атқаратын қызметі көрсетілген лауазым	Лауазымдағы жұмыс өтілі

II. Тәжірибенің маңызды сипаттамалары

1	Инновациялық педагогикалық тәжірибе (ИПТ) тақырыбы	
2	Өзгерістер дереккөзі (қарама-қайшылықтар, оқитудың жаңа құралдары, білім беру қызметінің жаңа шарттары, т. б.)	
3	Өзгерістер идеясы (ИПТ мәні неде: білім беру, коммуникативті-ақпараттық немесе басқа да технологияларды қолдануда, білім мазмұнын өзгертуде, оқу немесе тәрбие процесін ұйымдастыруда және т. б.)	
4	Өзгерістер тұжырымдамасы (тәсілдері, олардың баламаларынан артықшылықтары және жаңалығы, шектеулері, еңбек сыйымдылығы, тәуекелдер)	
5	Өзгерістерді іске асыру шарттары (педагогтің жеке-кәсіби қасиеттерін және оның қол жеткізген кәсіби деңгейін қоса алғанда)	
6	Өзгерістер нәтижесі	
7	Ұсынылған инновациялық педагогикалық тәжірибе туралы жарияланымдар	

III. Оқытушының инновациялық тәжірибесінің сипаттамасы

Еркін түрде орындалады, оқытушының өзінің инновациялық тәжірибесін 1 бетке дейін деректермен сипаттауы (1800-2000 б.)

IV. Рецензия

Өзгерістерді таратудың болжамды ауқымы мен нысандары	
Рецензенттің тегі, аты, әкесінің аты, оның байланыс телефондары, электрондық поштасының мекенжайы, пошталық мекенжайы	

V. Тәжірибенің ақпараттық сипаттамалары

№	Инновациялық тәжірибенің сипаттамасы	Оқыту	Тәрбиелеу	Қосымша білім беру
1	Құндылықтар мен құндылық бағдарлары			
2	Мақсаты мен міндеттері			
3	Білім беруді басқару (ОО үшін, оқытушылар мен кураторлар үшін)			
4	Білім беру мазмұны			
5	Технологиялар, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар			
6	Құралдар			
7	Әдістер			
8	Ұйымдастыру формалары			
9	Білім беру ортасы			
10	Ақпараттық-әдістемелік орта			
11	Ақпараттық ресурстар			
12	Ұйымдастырушылық ресурстар			
13	Мотивациялық ресурстар			
14	Кадрлық ресурстар (оқу орындарын даіске асырылатын инновацияларды сипаттау үшін)			
15	Ғылыми-әдістемелік ресурстар			
16	Материалдық-техникалық ресурстар			
17	Нормативтік-құқықтық ресурстар (білім беру ұйымдары үшін)			

«Тәжірибенің ақпараттық сипаттамалары» кестесі тәжірибенің мазмұнын білдіретін білім құрауыштарына сәйкес тәжірибенің мазмұнды сипаттамалары негізінде толтырылады (II тармақ). Мұғалімнің инновациялық педагогикалық тәжірибесін ұсынған кезде 3, 14, 17 тармақтары толтырылмайды.

Баған тәжірибе мазмұнын білдіретін білім құрамдастарын қамтиды.

Таңдалған ұяшыққа ұсынылған тәжірибенің маңыздылығын құрайтын өзгерістерді көрсететін 3-5 кілт сөзді жазыңыз.

БЕКІТЕМІН
мектеп директоры

Т.А.Ә.

ҚОЛЫ

Күні «__» _____ 202__ ж.

Инновациялық педагогикалық тәжірибе нәтижелерін енгізу
(пайдалану) туралы
АКТ

1. Тәжірибе авторының (қосымша автор) Т.А.Ә. (толық)
2. Жұмыстың атауы (оқу құралы, оқулық, авторлық бағдарлама және т. б.)
3. Тақырып атауы
4. Тәжірибе нәтижелерін қолданатын ұйымның атауы
5. Енгізудің басталу күні (білім бөлімі бойынша бұйрықтың көшірмесін қоса беру)
6. Енгізу тиімділігі туралы қорытынды (толықтыру)

ҒӘЖ жөніндегі директордың

орынбасары (Т.А.Ә.) _____

ҚОЛЫ _____

Автор (Т.А.Ә.) _____

ҚОЛЫ _____